

Бұйрық

Приказ

2025 жылғы «29» тамыз
Шымкент қаласы

№ 300
город Шымкент

**«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңестің құрамын бекіту туралы»**

«Білім туралы» 2007жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 2 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде педагогтардың педагогтік әдеп ережелерін сақтау мәселелерін қарайтын алқалы кеңес құру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепте педагогикалық әдепке кір келтіретін, теріс қылықтар жасаған әдеп нормаларын бұзуда жол берген қызметкерлердің тәртібін қарау мақсатында кеңес құрылсын.
2. Төмендегі құрамда «Әдеп кеңесі» бекітілсін:
Әдеп кеңесінің төрағасы
 - Мырзалиева Гулмира Казбековна – зейнет жасындағы ұстаз, орыс тілі пәні мұғалімі
 - Кеңес мүшелері:
 - Ахметова Құттықыз Сейілбековна – ШҚББ әдістемелік орталық әдіскері
 - Ашенова Қалия Исмаиловна – зейнеткер ұстаз
 - Асил Марат Әбілқайұлы – кәсіподақ ұйымының төрағасы
 - Сейтжаппарова Камуна – зейнеткер ұстаз
 - Айметов Қанат Рашидұлы – үкіметтік емес ұйым өкілі
 - Каюпова Найля Ильгизаровна – орыс тілі пәнінің мұғалімі
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хатшысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы бекітілсін.
4. Кеңес мүшелері Кеңестің негізгі міндеттері және өкілеттері мен күзінреті шегінде қолдансын, мерзімі үш жылға сайлансын.
5. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын, жалпы ереже нормаларын педагогикалық ұжымға түсіндіріп жұмыс жүргізу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қалиеваға жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Е.К.Нурсейтов

Бұйрық

Приказ

2026 жылғы «05» қаңтар
Шымкент қаласы№ 05
город Шымкент

«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңестің құрамын бекіту /өзгеру енгізу/» туралы

«Білім туралы» 2007жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 2 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде педагогтардың педагогтік әдеп ережелерін сақтау мәселелерін қарайтын алқалы кеңес құру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепте педагогикалық әдепке кір келтіретін, теріс қылықтар жасаған әдеп нормаларын бұзуға жол берген қызметкерлердің тәртібін қарау мақсатында кеңес құрылсын.
2. Төмендегі құрамда «Әдеп кеңесі» бекітілсін:
Әдеп кеңесінің төрағасы
 - Мырзалиева Гулмира Казбековна – зейнет жасындағы ұстаз, орыс тілі пәні мұғалімі
 - Кеңес мүшелері:
 - Байқоңырова Мөлдір Ахметқызы–ШҚББ әдістемелік орталық әдіскері
 - Ашенова Қалия Исмаиловна – зейнеткер ұстаз
 - Байтурова Гүлзира Кабыловна– кәсіподақ ұйымының төрағасы
 - Сейтжаппарова Камуна – зейнеткер ұстаз
 - Айметов Қанат Рашидұлы – үкіметтік емес ұйым өкілі
 - Каюпова Найля Ильгизаровна – орыс тілі пәнінің мұғалімі
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хатшысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы бекітілсін.
4. Кеңес мүшелері Кеңестің негізгі міндеттері және өкілеттері мен күзіреті шегінде қолдансын, мерзімі үш жылға сайлансын.
5. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын, жалпы ереже нормаларын педагогикалық ұжымға түсіндіріп жұмыс жүргізу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қалиеваға жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Е.К.Нурсеитов



Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің
Педагогикалық әдеп кеңесінің
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Мақсаты: Педагогикалық этиканы қамтамасыз ету және сақтау. Мұғалім құқықтарының бұзылуына жол бермеу

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп Кеңесінің жылдық жоспарын жасап бекіту	Қыркүйек	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
2	Педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру Педагогикалық әдептің бұзылуына жол бермеу үшін іс шаралар ұйымдастыру	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
3	Мектеп мұғалімдерінің адамгершілік психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдеп бұзылған жағдайда даулы мәселелерді әділ шешу	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
4	Мұғалім жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау	Үнемі	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
5	Педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін жағдайларды болдырмау	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
6	Әдеп нормалары бұзылған жағдайда, шағым түскенде екі тарапты татуластыру бойынша жұмыстар жүргізу	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес мүшелері
7	Кеңес отырысын ай сайын өткізіп тұруды ұйымдастыру	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес төрағасы, хатшысы
8	Педагогикалық Кеңес жұмыстарын қорытындылау	Кезінде	Педагогикалық әдеп Кеңес төрағасы, хатшысы

ДТЖЖО: Қ.Калиева

Хаттама №1

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде

2025-2026 оқу жылының 16 қыркүйек күні

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы болып өтті.

Жиналысқа ұжым қызметкерлері мен әдеп кеңесінің құрамы қатысты.

Күн тәртібінде:

1. «Педагогикалық әдеп Кеңесі» жұмысының жылдық жоспарын жасау, мүшелерін бекіту.
/Мектеп әкімшілігі/
2. Педагогикалық әдеп қағидаларының жалпы ережесімен таныстыру. /Қ.Б.Калиева/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нұсқабай Ғалымжан Артықұлы сөз алды. Әдеп кеңесі жұмысының жылдық жоспарымен танысу үшін назарларыңызды экранға аударуларыңызды сұраймын деді. (жоспармен таныстырды). Негізгі мақсатымыз - педагогикалық этиканы сақтау, дұрыс жолға қою, адамгершілік, этикалық қағидаларды сақтау. Сонымен қатар ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрықтың 3-тарауының 12-тармағы бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын қайта бекітуіміз қажет деді.

2025-2026 оқу жылында педагогикалық әдеп кеңесінің құрамында қалалық білім басқармасынан бір қызметкер, басқа мекемелерден бір маман, үкіметтік емес ұйымның үкілдері, кәсіподақ ұйымының қызметкері және мектеп мұғалімдерінен екі мұғалім болу керек. Қазір ашық дауыс беру арқылы педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерін сайлап алсақ.....

Мен қазір сіздерге әдеп кеңесінің құрамын төмендегі кіретін мүшелерімен таныстырып өтейін.

Әдеп кеңесінің төрағасы

- Мырзалиева Г.К – зейнет жасындағы ұстаз, орыс тілі пәні мұғалімі
- Кеңес мүшелері:
- Ахметова Құттықыз Сейілбековна – ШҚББ әдістемелік орталық әдіскері
- Ашенова Қалия Исмаиловна – зейнеткер ұстаз
- Асил М.А – кәсіподақ ұйымының төрағасы
- Сейтжаппарова Камуна – зейнеткер ұстаз
- Айметов Қанат Рашидұлы – үкіметтік емес ұйым өкілі
- Каюпова Н.И – орыс тілі пәнінің мұғалімі

Жоғарыда аталған құрамның ішінен педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасын және хатшысын бүгінгі жиында көпшілік дауыспен тағайындап, сайлауымыз қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе педагогикалық әдеп қағидаларының жалпы ережесімен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;

4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды. Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлттына, діни

Әзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді; Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік тугызады;

5) кәсіби ынтымақтастық:

Педагог мамандық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

6) үздіксіз кәсіби даму:

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Енді осы әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшысын бүгінгі жиында тағайындауымыз қажет. Әдеп кеңесінің төрағасы етіп осы мектептің зейнет жасындағы ұстаз, орыс тілі пәні мұғалімі әрі кеңес мүшесі Мырзалиева Гулмира Қазыбекқызын ұсынамын деп, ал хатшысы етіп өздеріңіздің әріптестеріңіз осы мектептің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызын ұсынамын деп сөзін түйіндеді.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы төмендегідей бекітілсін:

Төмендегі құрамда «Әдеп кеңесі» бекітілсін:

Әдеп кеңесінің төрағасы


- Мырзалиева Г.К – зейнет жасындағы ұстаз, орыс тілі пәні мұғалімі
- Кеңес мүшелері:
- Ахметова Құттықыз Сейілбековна–ШҚББ әдістемелік орталық әдіскері
- Ашенова Қалия Исмаиловна – зейнеткер ұстаз
- Асил М.А– кәсіподақ ұйымының төрағасы
- Сейтжаппарова Камуна – зейнеткер ұстаз
- Айметов Қанат Рашидұлы – үкіметтік емес ұйым өкілі
- Каюпова Н.И – орыс тілі пәнінің мұғалімі

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хатшысы болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы көпшілік дауыспен сайланып, бекітілсін.

2. Ұжым мүшелерінің барлығы Педагогикалық әдеп қағидаларының жалпы ережесімен толық танысып, амалға асыруды толық өз міндетіне алсын.
3. Кеңес мүшелері Кеңестің негізгі міндеттері және өкілеттері мен құзіреті шегінде қолдансын, мерзімі үш жылға сайлансын.
4. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын, жалпы ереже нормаларын педагогикалық ұжымға түсіндіріп жұмыс жүргізу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрағасы:  Мырзалиева Г.К

Хатшы:  К.Б.Калиева

Хаттама №2

2025-2026 оқу жылының 23 қазан күні Педагогикалық әдеп кеңесінің кезектегі жиналысы болып өтті .

Жиналысқа ұжым қызметкерлері мен Әдеп кеңес мүшелері түгел қатысты.

Күн тәртібінде:

- 1.«Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыбында психологиялық тренинг
/Б. Қошқарбаева/
- 2.«ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі туралы» кодекспен таныстыру
/Әсіл Марат/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Балауса Қошқарбаева «Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыбында психологиялық тренингін өткізді. Тренинг барысында бірнеше жаттығулар арқылы мұғалімдерге адам бойындағы асыл қасиеттерді ұғындыру арқылы өзін-өзін тексеруге бірнеше тесттер ұсынды. Әркім өзінің бойындағы қасиеттерді бағалап, қандай адам екеніне талдау жасады.

Екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Әсіл Марат Әбілқайұлы ұжымға Әдеп кодексі туралы таныстырып баяндама оқыды.

Баяндама барысында:

Адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

Өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен карауға;

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге т.б. міндетті екені туралы оқып ортаға талқылауға салды.

Ұжымдағы әріптестер өз ойларын білдірді.

Қаулы:

1. Мектеп психологының «Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыбында өткен тренинг «жақсы» деп бағалансын.
2. ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі туралы» кодекспен толық танысып, Кодексте көрсетілген қағидаларды орындау әр азаматтың өз міндетіне жүктелсін.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрағасы:

Мырзалиева Г.К

Хатшы:

Калиева Қ.Б.

Хаттама №3

2025-2026 жылдың 24 қараша күні Педагогикалық әдеп кеңесінің кезектегі отырысы болып өтті.

Жиналысқа ұжым қызметкерлері, мектеп әкімшілігі, Әдеп кеңесінің мүшелері толық қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Ұстаздардың сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі, мәдениеті. /Әдеп кеңесінің төрағасы Г.Мырзалиева/
2. Мұғалімнің кәсіби міндеттері. /Кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Әсіл/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің төрағасы Қалдыбаева Түймегул «Ұстаздардың сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі, мәдениеті қандай болу керек?» тақырыбында мұғалімдерге ой тастады. Ұжым мүшелері өз пікірлерімен бөлісті.

Шантаева Замира Оңғарқызы бастауыш сынып мұғалімі, мектепшілік кәсіподақ ұйымының мүшесі. Біз күнделікті өмірде жазғаннан гөрі, ауызша көп сөйлейміз. Соның ішінде мұғалімнің сөйлеу тілінің сапасына сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы кіреді. Дүние есігін ашқан жас бала сөз сөйлеуді, тыңдауды үлкендерден үйренеді. Балаға, оқушыға сөйлеп үйренуде қоршаған орта, яғни мұғалімдер, қоғамдық орындар, мектеп, балабақша, т.б. тікелей әсер етеді.

Тоғысбаева Гулжан қазақ тілі пәнінің мұғалімі. Ауызша сөйлеудегі дағдыланудың ең қажет сатысы – сөз. Сөйлеу тілі арқылы мұғалім оқушыға білім нәрін құйып немесе түрлі сөздермен оқушылардың санасын қалыптастыруға, таным деңгейін арттыруға, тіл арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Турдалиев Қайрат Жолшиевич денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Сөйлеу тілінсіз мұғалім – мұғалім емес. Сондықтан да мұғалімдер үшін сөйлеу тілінің ерекшеліктері, маңызы өте зор болып саналады. Адамға ауа қандай қажет болса, мұғалімдер үшін де сөйлеу тілі сондай қажет. Дей тұрғанмен, әр мұғалімнің өзіндік тіл ерекшеліктері, дауыс ырғағы, тәжірибесі, мимикалық іс-әрекеті де әртүрлі. Соны дұрыс пайдалану керек.

Арынбаева Гулмира Кураловна директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары. Кез-келген мұғалімнің сөйлеу тілінің деңгейі жоғары болуы үшін алдымен педагогтік әдеп пен ұстаздық шеберлік қажет. Болған немесе болатын оқиға, пікір-талас, ой қорытындысына байланысты мұғалімнің сөйлеу тілі де біркелкі, біржақты емес, әр қырлы болып отырады. Болашақ мұғалім, жоғары оқу орнында жүргенде-ақ өзінің бойында ұстазға тән қасиеттерді қалыптастыра бастау керек.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің сөйлеу әдебі қандай болу керектігін талқылап алдық. Алдағы уақытта осылай әдепті сөйлеуді үйреніп, өз өзімізге дұрыс қадағалау жасай алуымыз керек.

Екінші мәселе бойынша кәсіподақ ұйымы мен педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Каюпова Найля Ильгизаровна өз баяндамасында мұғалімнің кәсіби міндеттері, сыртқы имиджі туралы айтып өтті. Өріптестер өз пікірлерін ортаға салды.

Қаулы:

1. Ұстаздардың сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі, мәдениеті тақырыбындағы пікірталас «жақсы» деп бағалансын.
2. Ұстаздардың сыртқы келбетінің, сөйлеу әдебінің, жүріс тұрыс мәдениетінің сақталуы, мұғалімнің кәсіби міндеттерін дұрыс орындауы әр мұғалімнің өз міндетіне жүктелсін.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрағасы:  Г.Мырзалиева

Хатшы:  К.Б.Калиева

Хаттама №4

2025-2026 оқу жылының 26 желтоқсан күні Әдеп кеңесінің кезектегі жиналысы болып өтті. Жиналысқа ұжым қызметкерлері, мектеп әкімшілігі, Әдеп кеңесінің мүшелері толық қатысты.

Күн тәртібінде:

1. «Кішіпейілділік пен адамгершілік деген не?» /Асил Марат Әбілқайұлы/
2. «Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы қарым қатынас әдебі» /Б.Қошқарбаева/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі, АӘД пәнінің мұғалімі Асил Марат Әбілқайұлы сөз алып, «Кішіпейілділік пен адамгершілік деген не?» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында ұжымға адамгершілік пен кішіпейілділік тақырыбында кішіпейілділік дегеніміз – жеке адамның айналасындағыларға қатысы жөнінен өзінің қандайда бір алабөтен артықшылығы немесе ерекше құқықтары бар деп санамауы, жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке бастық керек – жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі. Осыдан адамның басқалар алдындағы, қоғам алдындағы, табиғат алдындағы жауапкершілігі, міндет – парызы келіп шығады. Осыны сезіну оны кішіпейіл етеді. Ондай адам өзінің артықшылықтарына пәлендей мән беріп жатпайды, өзінен – өзі солай болуға тиісті нәрсе деп қарайды. Бұл сияқты адамдар көбінесе, шынын да, айтарлықтай артықшылықтары бар адамдар, өз еркімен қоғамға, адамзатқа қызмет істеуге бел буган кісілер болып келеді. Қарапайымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез құлқынан, тәртібінен, ең ақыры, киген киімінен де аңғарылып тұрады.

Ұлылық тек қана көркем мінезбен тығыз байланысты болады. Байсалды кісілер болса, ұдайы дәрежелерін және адамгершілік абыройын қорғайды. Кішіпейілділік пен байсалдылық бір – бірін толықтыратын ұлы мінездер болып табылады. Бұл көркем мінездерге ие болған кісілер, әрі Алланың қасында, әрі адамдардың арасында сүйкімді, құрметті кісілер болады. Кішіпейілділік өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан, басқалардан ерекшеленуге әрекеттенбеуден, өзінің қызметін дабыралап марапаттамаудан көрінеді. Ондай адамның сөзі ұстамды келеді, өзінің сезімін басқаларға білдіруге асықпайды, қарым-қатынасында тұрақтылық басым болып, аума-төкпелікке жол бермейді. Бірақ мұның бәрі қандай жағдайда да өз пікірін ашық айтуға келергі келтірмейді.

Ежелгі заманның әйгілі ойшылары, философтарының кішіпейілділігі жайындағы әсерлі, тағылымды әңгімелерге қоса, олардың адамның бұл қасиеті жөнінде айтқан терең мағыналы нақылдары сақталған. Оларда бұл қасиеттің жақұттай құлпырған сипаттары туралы айтылады. «Кабуснамада» Анушируан патшаның: «Дана деп кімді айтамыз?» - деген сұрағына, оның ақылды уәзірі: «Өзін басқалардан кішік, қарапайым ұстаған кісіні», - деп, жауап бергені айтылады. Шынында, кішіпейіл, қарапайым кісі өзіне қатты сөйлеп, дәрекілік көрсеткендерге де дүрсе қоя беріп, хақарын шашпайды, зиянын көрген адамына да күш – түдіреті жетіп тұрғанымен, таптап тастауға құлықты болмайды, ашуын ақылына жеңдіріп, байсалдылық көрсетеді.

Ұлықпан Хакімнің көрсетуінше, қарапайымдылықтың мынадай жеті сипаты бар:

1. Ізгілікке құштарлық.
2. Айбатсыз елету.
3. Міндетсіз иба.
4. Дуалсыз қорған.
5. Кешірім сұраудан құтылу.
6. Періштедей тазалық.
7. Айыптан адалдық.

Демек, ақкөңіл, қарапайым болу, ізгілік жасауға құштарлық, айбат көрсетпей – ақ елеулі болуға, міндет қылмай – ақ сыйлы болуға қол жеткізеді. Сіздің қарапайымдылығыңыз - сіздің қорғаныңыз, сізге ешкім тап бере алмайды. Сонымен қатар сіз өзіңіздің кішіпейілділігіңізбен, қарапайымдылығыңызбен еш нәрсені бүлдірмейсіз, ешкімге зиян келтірмейсіз, соныңыз арқылы ешкімнен кешірім сұрамайсыз, себебі сіз де айып жоқ, өйткені сіз –періштедей пәк адамсыз. Егер қарапайымдылық жасанды болса, адамды басқалардан ерекшелеп, назарды өзіне аударатын болса,

онда мұндай қарапайымдылық менмендіктің алдамшы түрі болып шығады. Ондайға ұлы Абай назар аударып: «Жасанды кішіпейілділік жақсы қасиет емес», - десе ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген итальян драматургі Карло Гольдони акын ойын әрі қарай жалғастырғандай: «Жалған кішіпейілділік те менмендік сияқты, жиіркенішті», - деп шегелей түседі.

Адамдарға тән ізгі қасиеттердің бірі – кішіпейілділік. «Ұлық болсаң–кішік бол» деген қазақта жақсы мақал бар.

Ол дегеніміз жеке адамның жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке бастық керек – жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ - түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы. Пайғамбар да (*Оған Алланың игілігі ме неәлемі болсын*) хадис арқылы бізге осыны айтуда. Басқаша айтқанда, мұсылманның мінезі көркем болуы керек.

Яғни кіші пейілділік мәселесін кең көлемде аша еле айтпағым, адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті - өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу. Адамгершілік, рухани тәрбие күрделі де қайшылыққа толы процесс.

Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі. Саналы адамға тән қасиеттердің бірі де бірегейі, кішіпейілділік қасиетті өскелең ұрпақтың бойына сіңіре білсек жас буын тәрбиесіне қосқан үлкен үлес болары сөзсіз.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Сондықтан ата-аналар, үлкендер өздері үлгі көрсетпесе, кіші пейілділік, қарапайымдылық, олардың кереметтігі жайындағы сөздердің әсері ойдағыдай болмайды. Бұл жөнінен үйдегі сөз бен іс және білім беру мекемелеріндегі сөз бен іс арасында шынайы сабақтастық, жалғастық болуы тиіс.

Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол–мінез, әлеуметтік мәртебе, көпқошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген.

Биік мансап.

Биік жартас.

Екпіндеп ұшып, қыранда шығады.

Еңбектей жылжып, жыланда шығады, – деген Абай атамыз.

Бұдан нені білеміз? Кіші пейілділік – сабырлы болу деген сөз. Осындай көзге көріне бермейтін үлкен қасиеттер адамдарды ізгілікке үндейді - дегендей бұл өзгені құрметтейтін, бірақ өзін басындырмайтын адамның бойынан табылатын қасиет екенін ортаға салды.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Балауса Қошқарбаева «Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында «Мадақтау, жазалау» сұрақ жауабы, «Жанұя бақыты» жаттығуы, «Сикырлы жүрек» ой түйіні талқыланды.

Қорыта айтқанда, адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруда жоғарыда оқылған баяндама, тренинг жұмыстары арқылы дамытуға болатыны анық.

Қаулы:

1. «Кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттерін бойға жинап, қоғамда пайдалану әр адамның өз міндетіне жүктелсін.
2. «Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы қарым-қатынас әдебі» жандандырылсын.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрағасы:

Г.Мырзалиева

Хатшы:

Қ.Б.Қалиева

Хаттама №5

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде
30.01.2026жылы өткізілген

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары»
тақырыбында өткізілген жиналыстың хаттамасы.

Қатысқандар: 50

Күн тәртібінде:

1. «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» туралы /«Әдеп кеңесінің» төрайымы Мырзалиева Г/

2. Мұғалімнің адамгершілік сипатына қойылатын талаптар /ДТІЖО Ғ.Нұсқабаев/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша «Әдеп кеңесінің» төрайымы Мырзалиева Гулмира сөз алып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрыққа 2-қосымша «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды анықтайды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

2. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаларын басшылыққа алады.

2-тарау. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4. Кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
- 2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- 3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;

7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;

8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

3-тарау. Кеңес қызметін ұйымдастыру

5. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

6. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептемегенде).

7. Кеңеске келесі тұлғалар кіреді:

1) білім басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;

2) кемінде екі педагог;

3) құрметті демалысқа шыққан педагогтер.

Білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлері, осы білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлеріне жол беріледі.

8. Кеңес құрамына:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;

3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;

4) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.

9. Кеңес білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде сайланады.

10. Білім беру ұйымының басшысы:

1) Кеңесті қалыптастыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) Кеңесті уақтылы сайлау үшін қажетті рәсімдерді өткізуді қамтамасыз етеді;

3) Кеңес жұмысына жағдай жасайды және жәрдем көрсетеді.

11. Кеңес құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

12. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.

13. Кеңес хатшысы Кеңестің дауыс беруіне және кеңес отырысына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатыспайды.

Кеңес хатшысы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуді қамтамасыз ететін тұлға болып табылады: мүшелер мен шақырылған адамдарды кеңес отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабардар ету, Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын жасау, хаттама жүргізу және оны сақтау, өтініштер мен ұсыныстарды қабылдау, сондай-ақ Кеңестің атына келіп түсетін хаттарды тіркеу.

Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалу мониторингін қамтамасыз етеді және олардың нәтижелері туралы кеңес мүшелеріне жеткізеді.

14. Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді.

Кеңестің мүшелері:

1) отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;

3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.

Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағанын шешімі бойынша және (немесе) білім беру ұйымы басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

15. Педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

4) шешімді жазбаша түрде алуға;

5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

16. Кеңес мүшесінің қызметі осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

17. Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:

1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;

2) Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;

3) педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;

4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;

5) осы қағидалардың 19-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда шығарылуы мүмкін.

18. Кеңес отырысы:

1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады;

2) жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, сондай-ақ өтініштер мен шағымдардың түсуіне қарай өткізіледі;

3) Кеңестің күн тәртібі мен күні туралы қызметкерлерді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды Кеңес хатшысы оны өткізгенге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

19. Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты іс қаралатын адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.

20. Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

21. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағанын міндеттерін атқарады.

22. Кеңес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кеңес отырысының хаттамасы - Кеңес отырысының барысын және онда қабылданған ұсынымдарды көрсететін ресми жазбаша құжат. Хаттама білім беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер номенклатурасына енгізілуі тиіс.

23. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Кеңесте қаралады.

Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Кеңесте қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Оны қараудың қорытындылары туралы өтініш берушіге отырыстың өзінде не оны Кеңестің хатшысы қарау қорытындылары бойынша дереу хабарлауы тиіс.

24. Педагогке қатысты істі қарау:

- 1) еңбекке уақытша жарамсыздық;
- 2) демалыста немесе іссапарда болған;
- 3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;
- 4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

25. Хатшы жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды.

Кеңес отырысында істі қарау, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

26. Осы Қағидаларда тиісті хабарлау деп адамды хатпен, тапсырыс хатпен немесе жеделхат арқылы хабарлар ету танылады, ол өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолхат арқылы не хабарламаның немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып тапсырылады.

27. Отырыста педагогтің жауапкершілігі мәселесін қарау кезінде Кеңес мына мәселелерді шешеді:

1) педагогтің жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

2) бұл іс-әрекет (әрекетсіздік) әдепті бұзу болып табылады ма;

3) бұл әдепті бұзу педагог тарапынан жасалды ма;

4) педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінәсі бар ма.

28. Істі қарау қорытындылары бойынша Кеңес білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.

29. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

30. Білім беру ұйымының басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

31. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

Кеңес хатшысы өтініш берушіге оның өтінішін заңнамада белгіленген мерзімде қарау нәтижелерін жазбаша хабарлайды.

Бұл ретте, өтініш берушіні "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4-тармағының және осы Қағидалардың

31-тармағының талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабарлар етеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабай Ғалымжан Артықұлы сөз алып, «Мұғалімнің адамгершілік сипатына қойылатын талаптар» туралы айтып өтті. Сонымен қатар, мұғалім әділ болу, балалардың бәрін бірдей көру, балаларға әрқашан сенім білдіру, балаларды жақсы көру, өзара сыйластық қолдау көрсету, өзін-өзі және балаларды құрметтеу, мейірімділік таныту деген сияқты қағидаларды айтып толықтырып өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей шешім шығарылды.

Шешімі:

1. «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» туралы тақырыбында өткізілген отырыс қанағаттанарлық деп табылсын.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрайымы:

Г.Мырзалиева

Хатшы:

К.Қалиева

Хаттама №6

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде
27.02.2026жылы өткізілген

«Педагогикалық техника - педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені» тақырыбында өткізілген жиналыстың хаттамасы.

Қатысқандар: 70

Күн тәртібінде:

1.«Педагогикалық техника – педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені» туралы

/ДОІЖО Л.Арзыкулова/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Арзыкулова Лаззат Полатовна сөз алып «Педагогикалық техника – педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені» тақырыбында бірқатар мағлұматтармен таныстырып өтті.

Педагогикалық техника дегеніміз:

- Дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі;
/сөйлеу мәдениеті, оның эмоционалдық мінездемесі, интонация, сенім туғызуы
- Мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі
- Өзінің психикалық жағдайын – сезімдерін, көңіл-күйін басқара алу икемділігі;
- Өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі /әлеуметтік перцепция
- Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс;
- Балаларға әрқашан сенім көрсету;
- Оқушыларға оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу.

Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады деді.

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей шешім шығарылды.

Шешімі:

1.«Педагогикалық техника – педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені» тақырыбында өткізілген жиналыс қанағаттанарлық деп табылсын.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

Жиналыс төрайымы:

Мырзалиева Г

Хатшы:

Қ.Қалиева



Хаттама №7

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде
27.03.2026жылы өткізілген

«Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбында
өткізілген жиналыстың хаттамасы.

Қатысқандар: 59

Күн тәртібінде:

I.«Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» туралы
/«Әдеп кеңесінің» төрайымы Мырзалиева Г.К/
/ДТІЖО Ғ.Нұсқабаев/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша «Әдеп кеңесінің» төрайымы Мырзалиева Гулмира Казбековна сөз алып «Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» туралы өтті.

Қазіргі кезде қарым-қатынас мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Педагогикалық қарым – қатынас шәкірттің психикалық дамуының қайнар көзі болып табылады. Ұстаздар мен шәкірттер арасындағы өзара қарым – қатынастың дамуына, яғни ұстаздың қарым-қатынас жасау деңгейі, педагогикалық топтың және сыныптың даму деңгейі әсер етеді.

Қарым-қатынас жасау барысында шәкірттер өздерінің мұғалімге деген қатынастарын көрсетеді. Ұстаздар мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас әрдайым келісімді, өзара түсініскен, шынайы қатынас бола бермейді. Қатынастардың әрқашанда жақсы бола бермеуі ұстазға да шәкіртке де байланысты.

Шәкірттер өз ұстаздарының бойынан көңілдеріне қонымды талап-тілектеріне лайықты, ұнамды қасиеттерді көргісі келеді. Осы орайда ұстаздың бойындағы сапалар мен қасиеттердің қаншалықты ықпалды болатындығын белгілі жүйеге келтіріп, іздестіру оларды күнделікті тәлім-тәрбие істерінің тәжірибесіне ендіріп отырудың маңызды екендігіне айрықша көңіл бөлу керек болады. Адамның дамып, жетілуіндегі ерекшеліктерге байланысты, ұстаздар шәкірттерге ілтипатпен көңіл аударып, сеніммен қарау керек. Егер де ұстаздар шәкірттерге әлі де бала ретінде қарайтын болса, онда олар мұндай талаптарға қарсы шығып, өздерінің қарсылығы мен наразылығын сөйлеген сөздерімен, істеген істерімен, мінез-қылықтары арқылы білдіреді.

Ендігі кезекте ұстаздар мен шәкірттер қарым-қатынасындағы қарама-қайшылықтардың кедергілердің пайда болуын қарастырайық.

Педагогикалық әрекетте қарама-қайшылықтар мен кедергілер әртүрлі болып келеді. Олар әрекеттің әртүрлі сферасына қатысты болады. Мұндағы қайшылықтар ұстаздың шәкірттеріне, өзінің пәнін менгеру мен ұстаздық шеберлігіне, оқу орнына, өзінің әріптестеріне деген қарым-қатынасымен байланысты болуы мүмкін. Педагогикалық жұмыста кедергілердің тууының екі себебін айтуымызға болады. **Бірінші себеп:** мұғалімдердің өз ісіне немқұрайлықпен қарауы, сондай-ақ олардың оқу орнындағы білімге сәйкес, алға қойған міндеті, мақсаттарын дер кезінде орындамауы салдарынан туындайды. Олар нашар оқытады, нашар қарым-қатынасқа түседі және нашар тәрбиелейді. Мұндай оқытушылардың өзіне немқұрайлықпен қарауының нәтижесінде олардың қоғамға, ғылымға, адамдарға немқұрайлықпен қарауы деп айтуымызға болады. Нашар ұстаз тек қана ұстаз деген атты сақтап тұрады да, ал шын мәнінде педагогикалық процесті бұзады. Мұндай ұстаздардың жұмысының нәтижесі – педагогикалық жарамсыз болып табылады. Яғни бұл шәкірттердің сабаққа деген қызығушылығының төмендеуінен, білімдерінің төмен болуынан т.б. көптеген қасиеттерінен көрінеді.

Педагогикалық жұмыстағы қарама-қайшылықтың туындауының **екінші тобына**, ұстаздардың шәкірттермен қалыпты, іскерлік, адамдық қатынасты, өзінің жұмысына, балаларға деген ерекше махаббаты, жоғарғы білімі болса да орната алмауынан туындайды. Мұндай жағдайда оқытушының өзі де зардап шегеді. Онда өзінің педагог ретінде шыңдалмағанын сезіну, өзінің күшіне сенбеушілік, кәсіпке деген жағымсыз қатынастар туындайды.

Ұстаз — өмір бойы баланы оқытатын, тәрбиелейтін, оның тұлғасының толық қалыптасып жетілуіне үлкен үлес қосатын адамдардың бірі. Ол барлық адамдар үшін үлгі

болуы кажет. Оқыту процесі кезінде және тәрбиелеу кезінде туындайтын сұрақтарға жауап бере алуы керек, ол үшін міндетті түрде кателеспеуі тиіс.

Ұстаздық мамандықтың өзге маман иелерінен басты айырмашылығы – оның адаммен жұмыс жасап, оның тұлғасының пісіп жетілуіне күші мен қуатын, білімін жұмсауы керек. Соған орай бұл мамандықтың қыры мен сыры кат-қабат болып келетіндігі де сондықтан. Ұстаздар меншәкірттер арасында белең алып отыратын кедергілер бір қырынан ұстаздық мамандықтың күрделілігімен жауапкершілігінің мол екенін аңғартатын болса, екінші бір жағынан қарастырғанда адамның жан дүниесінің сыры, психикасы аса күрделі құрылым екеніне көз жеткіземіз делі.

Келесі сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы алды. Өз сөзінде Педагогикалық қарым-қатынаста тәлім-тәрбие саласында жүргізілетін зерттеулерді анықтап карағанда ұстаздар мен шәкірттер арасындағы карама – қайшылықтар мен кедергілердің болуына әкеліп соғатын тағы да бірнеше түрлеріне тоқтала кетелік делі.

1. Оқу ісін жүзеге асырып, оны бірізділікпен жүргізуде кедергі болатын жәйттер мұғалімнің білім деңгейі мен оның шәкірттерге тиімді әдіс – тәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп, шәкірттеріне серпінді ықпал ете алмайды. Содай – ақ ұстаз шәкірттерге қоятын талабын үнемі өзгертіп, қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Сонын салдарынан шәкірттердің тәртібі, ұстазға деген сыйластық көзқарасының төмендеуіне алып келеді. Мұндай кемшіліктер ең алдымен, ұстаздық ұйымдастырушылық қабілетімен, сабақ жүргізудегі методикалық олқылығымен пайда болып, шәкірттер сабақта немесе дәріс үстінде көпшілік уақытын босқа жіберетін болады.

2. Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен қайшылықтар. Баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп – жетіле бастағанын көрсетеді. Ересек адамдармен салыстырғанда ұстаз бен шәкірттер арасындағы өзара қарым – қатынас едәуір күрделі. Өйткені, мұндағы бірінші жақ – ұстаз толық қалыптасқан, мораль, этикалық жағынан жетілген мінез – құлқы орныққан адам. Екінші жақ – шәкірттер.

Ұстаз бен шәкірттің ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстазға айдай анық құбылыс, шәкірттеріне нанымды, анық бола бермейді. Кейде ұстазбен шәкірт бір құбылысқа сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым – қатынаста қайшылық туындауына ұстаздың методикалық тұрғыдан қате жіберіп жанылысуы не оқу материалын тиянақты түсіндіре алмауы да себеп болады.

- Шәкірттердің жас ерекшеліктерін елемей, олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыр-сырына жете мән беріп, оларды жете бағаламау салдарынан болатын **қайшылықтар**.

- Шәкірттердің даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез – құлқына орай туатын **кедергілер**.

Қорыта келгенде, адамгершілік тәрбиесі – үзіліссіз жүргізілетін үрдіс, ол адамның өмірге келген күннен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұны оқушының жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескеру негізгі орын алмақ» деп түйінделді.

Қаулы:

1. «Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбында өткізілген жиналыс қанағаттанарлық деп табылсын.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсентов

Жиналыс төрайымы:

Г.Мырзалиева

Хатшы:

К.Қалиева

